

2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 1 маусымға дейінгі кезең бойынша Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Степногорск қаласы, Тау-кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Степногорск қ.

2023 жыл 30 маусым

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашалағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне талдау жүргізу үшін «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 26 мамырдағы № 117 қабылданды.

Талдау жүргізу кезеңі: 2023 жылғы 1-30 маусым аралығында.

Талданатын кезең: 2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейін.

Бұйрықпен жұмыс тобының құрамы бекітілген: директордың оқу істері жөніндегі орынбасары - Калайдарова Л.Н., заңгер-кеңесші - Исмагулова Р.Б., «Женский луч» ҚБ төрайымы, қамқоршылық кеңестің мүшесі - Волкова-Михальская О.О., «Атамекен» ҚР ҰКП Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасының Степногорск қаласы филиалының директоры, қамқоршылық кеңестің мүшесі - Баймаков О.Н. (бұйрық көшірмесі қоса беріледі).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелеріне басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілік колледж директорының м.а. Е.В. Тарасоваға жүктелген.

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № А-4/169 қаулысымен бекітілген Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Степногорск қаласы, Тау-кен техникалық колледжі» МКҚК-ның Жарғысы бар.

Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 3 мамырдағы № 76-ж/к бұйрығымен Тарасова Елена Викторовна Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Степногорск қаласы, Тау-кен техникалық колледжі» МКҚК басшысының м.а. болып тағайындалды.

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Степногорск қаласы, Тау-кен техникалық колледжі» МКҚК қызметінің мазмұны білікті кадрларды, оның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады. Колледж Жарғысына сәйкес МКҚК 24 функцияны жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында МКҚК қызметінде төмендегілер анықталды:

«Нормативтік құқықтық актілер» бағыты

МҚКК өз жұмысында ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Азаматтық кодекс, Еңбек Кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс және т. б. сияқты МҚКК қызметін қамтитын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ ішкі ережелер мен қағидаларды басшылыққа алады.

Жұмыс тобы талданып отырған кезеңде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер арасында тәуекелдер және/немесе қайшылықтар анықталмады.

«Персоналды басқару» бағыты

2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша штат саны 68 бірлікті құрайды, нақты саны 63 бірлік.

Штат санының құрылымы 5 бөлімнен тұрады; штат санымен: көшбасшы директоры – 1 бірлік, директордың орынбасары – 4 бірлік, бас бухгалтер – 1 бірлік, бөлімше меңгерушісі – 2 бірлік, әдіскер – 1 бірлік, кадр бөлімінің меңгерушісі – 1 бірлік, мамандар, оқу-көмекші персонал – 13 бірлік, оқытушылар – 34 бірлік, кіші қызмет көрсетуші персонал – 15 бірлік. Төріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Талданып отырған кезеңде тәртіптік сипаттағы шараларды іске асыру кезінде тәуекелдер белгіленбеген.

2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 1 маусымға дейін 41 қызметкер қабылданды.

Көрсетілген кезеңде еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде жұмыс бағдарламаларын тапсырмағандығы, тексеру болмағандығы, сағаттарға уақтылы есеп жүргізілмегендігі, тамақтанудың орнына өтемақы төлеу үшін студенттердің тізімін дұрыс жасамағандығы, колледждің тиісті санитарлық жағдайын бақылауды жүзеге асырмағандығы, Теориялық оқытуды есепке алу журналын жүргізу туралы ережені тиісінше орындамағандығы, Өткізу режимі туралы ереже талаптарын бұзғандығы үшін 9 тәртіптік жаза қолданылды.

Ағымдағы кезеңде кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Сондай-ақ, қызметкерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қышмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болғап, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) адамдарды жұмысқа орналастырмауға қатысты шектеулердің болмауына талданды.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жаңындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу

Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалардың бар екені анықталды.

«Арнайы есепке алу» ААЖ дерекқорының мәліметтеріне сәйкес колледж қызметкерлерінің қылмыстары үшін соттылығы немесе отелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталмады.

Еңбек шарттарын бұзу қолданыстағы заңға сәйкес жүзеге асырылады, еңбек заңнамасының нормаларын бұзу анықталмады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бағыты

Талданып отырған кезеңде колледжге жеке және заңды тұлғалардан 39 өтініш келіп түсті, соның ішінде 14 өтініш – жеке тұлғалардан, 25 өтініш – заңды тұлғалардан. Колледждің лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түседі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйін талдау жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатыны анықтады.

Өтініштерді және оларға жауаптарды зерделеу барысында тәуекелдер анықталмады.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бағыты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес «Степногорск қаласы, Тау-кен техникалық колледжі» 7 мемлекеттік қызметті көрсетеді. Талданып отырған кезеңде келесі мөлшерде мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы	Саны
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну	70
2	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру	35
3	Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың тегін нұсқаларын беру	12
4	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау	134
5	Білім беру ұйымдары түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау	16
6	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушы аяқтамаған адамдарға анықтама беру	4

7	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру	4
---	--	---

Қызметтер МКҚК кеңсесі арқылы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушылармен тікелей байланысының болуы.

Барлық мемлекеттік қызметтер бойынша көрсетілетін қызметті алушының кеңсеге жүтінген жағдайда МКҚК-мен тікелей байланысу мүмкіндігі, сондай-ақ веб-портал немесе КЕАҚ арқылы жүтіну мүмкіндігі бар.

Бұдан басқа, порталда «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша www.e.gov.kz порталында «Ауыстыру» түймешесі жоқ және тек «Қайта қабылдау» түймешесі бар, осыған байланысты көрсетілетін қызметті алушы осы қызмет бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне ғана жүтінеді.

«Мемлекеттік бақылау және қадағалау» бағыты

Талданып отырған кезеңде колледжіге қатысты 2 тексеру жүргізілді:

1) Степногорск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы тарапынан талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізілді (24.02.23-28.02.23), соның нәтижесінде бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарылды. Белгіленген бұзушылықтар тиісті мерзімде жойылды. Жауапты тұлғаға - директордың ШІ жөніндегі орынбасарына лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылды;

2) Степногорск қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы тарапынан (09.03.23-03.04.23) өрт қауіпсіздігі саласында профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізілді, нәтижесінде бұзушылықтарды жою туралы ұсыным шығарылды, бұзушылықтың орын алуының бір бөлігіне өрт дабылы жүйесіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мердігер ұйымы жол берді. Бұзушылықтарды жою туралы жазбаша талап мердігерге жіберілді, шартта көзделген тұрақсыздық айыбы өндірілді, бұзушылықтар жойылды.

«Мемлекеттік сатып алу» бағыты

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес аталған кезеңде 157 сатып алу өткізілді, соның ішінде:

баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 84;

жүргізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу – 56;

электрондық дүкен арқылы – 15;

негіздемелік келісімді пайдаланылатын конкурстың екінші кезеңін жүзеге асыру тәсілімен – 1;

біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен – 1.

Барлық шарттар қолданыстағы заңға сәйкес жасалды. Заңды емес сатып алу фактілері анықталған жоқ. Ішкі мемлекеттік аудит органдары тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты хабарламалар немесе ұсынамалар ұсынылмаған.

Әнім берушілерге ақы төлеу мәселелері МКҚК басшылығының тұрақты бақылауында болады, жүйелі түрде түгендеу және аудит жүргізіледі. Төлем жүргізу рәсімі жауапты лауазымды тұлғалармен бірнеше келісуді көздейді, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кеседі.

«Талап-арыз жұмысы» бағыты

2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде МКҚК әлеуетті әнім берушілерге және әнім берушілерге қойылатын талаптары бойынша әнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп табу, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы 3 сот шешімі өтті,

соның ішінде толық көлемде қанағаттандырылды – 1, ішінара – 1, қанағаттандырылмады (жауапкердің МКҚК алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты) – 1.

Іс жүргізу құжаттарының жобаларын (талап қою, кері қайтарып алу, етінішхат) дайындау барысында МКҚК мемлекеттік сатып алуды, азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңдар мен ережелерді, ҚР ЖС-ң нормативтік қаулыларын және бейіндік заңдарды басшылыққа алады.

МКҚК қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне таллау қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. МКҚК қызметкерлерінің ішкі актілермен танысу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы ақпараттандыру бойынша іс-шаралар өткізу арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлер мен студенттерге арналған түсіндіру семинарларын өткізу.

2. Көрсетілетін қызметті алушының МКҚК қызметкерлерімен тікелей өзара іс-қимылынсыз барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық тәсілмен жүзеге асыру жөніндегі мәселені шешу үшін College SmartNation мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай порталына жүгіну арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматта көрсету үшін ақпараттық жүйелерді интеграциялау мәселесін пысықтау.

3. Қызметкерлерді ынталандыру және персоналды басқаруды қайта қарау, қол жеткізілген нәтижелер үшін марапаттау жүйесін енгізу, оның ішінде еңбегін көпшілік алдында тану, біліктілігін арттыру, оқыту және мансаптық осу мүмкіндігін беру арқылы МКҚК кадрларының ауысуын төмендету жөнінде шаралар қабылдау.

Жұмыс тобының мүшелері

Директордың ОІ жөніндегі
орынбасары

Заңгер-кеңесші



Калайларова Л.Н.

Исмагулова Р.Б.

«Женский луч» ҚБ төрайымы,
қамқоршылық кеңестің мүшесі

Волкова-Михальская О.О.

«Атамекен» ҚР ҰКП Ақмола облысы
кәсіпкерлер палатасының Степногорск қаласы
филиалының директоры,
қамқоршылық кеңестің мүшесі

Баймаков О.Н.

ТАНЫСТЫМ

Ақмола облысы білім басқармасының
жанындағы «Степногорск қаласы,
Тау-кен техникалық колледжі» МКҚК
директорының м. а.

Тарасова Е.В.